

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттардың үгіттеу баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу және сайлаушылармен кездесулер өткізу үшін оларға орын-жай беру туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 17 ақпандағы N 06-89қ Қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2011 жылғы 18 ақпанда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 667 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 06-1291қ қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2011.11.30 № 06-1291қ (қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 28-бабына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттардың үгіттеу баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгіленсін.

2. 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарға сайлаушылармен кездесулер өткізу үшін шарт жасау негізінде орын-жай берілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары А.Ғ. Балаеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Әкім

И. Тасмағамбетов

КЕЛІСІЛДІ:

комиссиясының төрағасы

Қ а л а л ы қ с а й л а у

Қ.Қ. Құлмұқанов

Астана

қаласы

әкімдігінің

2011

жылғы

17

ақпандағы

№

06 - 89 қ

қаулысына

1-қосымша

Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттардың үгіттеу баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар

Р/с №	Аудан	Орналастыру орны	Қондырғы түрі
1.	Есіл	Қабанбай батыр даңғылы, 21 ("Азия Парк" СОО)	Жарнама құрылғысы
2.	Есіл	Тұран даңғылы, 37 ("Хан Шатыр" СОО)	Жарнама құрылғысы
3.	Есіл	Қорғалжын тас жолы, 1 ("Мега" СОО)	Жарнама құрылғысы
4.	Есіл	Орынбор және Д. Қонаев көшелерінің қиылысы	Жарнама құрылғысы
5.	Есіл	"Пригородный" тұрғын алабы, Сарытоғай көшесі ("Хозяюшка" дүкені)	Жарнама құрылғысы
6.	Есіл	Заречный тұрғын алабы, Аққұм көшесі, 20 (Пошта)	Жарнама құрылғысы
7.	Есіл	"Ильинка" тұрғын алабы Ақтамберді көшесі, 9 (учаскелік және медпункт (ОДА))	Жарнама құрылғысы
8.	Есіл	"Тельман" тұрғын алабы, Мұғалжар көшесі	Жарнама құрылғысы
9.	Есіл	Тұран даңғылы, 19/1 (Есіл ауданының салық комитеті)	Жарнама құрылғысы
10.	Есіл	Сауран көшесі, 7 (Есіл ауданының ХҚО)	Жарнама құрылғысы
11.	Алматы	Л. Мирзоян және Петров көшелерінің қиылысы "Еуразия" СО ауданы	Жарнама құрылғысы
12.	Алматы	Қажымұқан көшесі ("Орбита" дүкені аялдамасының ауданы)	Жарнама құрылғысы
13.	Алматы	Ш. Уәлиханов және С. Сейфуллин көшелерінің қиылысы ("Артем" СҮ ауданы)	Жарнама құрылғысы
14.	Алматы	Кенесары көшесі мен Республика даңғылының қиылысы ("Халық банкі" АҚ ауданы)	Жарнама құрылғысы
15.	Алматы	Ақжол көшесі ("Астықжан" СҮ ауданы)	Жарнама құрылғысы
16.	Алматы	Абылай хан даңғылы және Манас көшесінің қиылысы ("Встреча" СҮ ауданы)	Жарнама құрылғысы
17.	Алматы	Ш. Уәлиханов және А. Кравцов көшелерінің қиылысы ("Жастар" СО)	Жарнама құрылғысы
18.	Алматы	Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Қажымұқан көшесі, 13)	Жарнама құрылғысы
19.	Алматы	Домбралы тұрғын алабы (Шалкөде көшесі, "Береке" СҮ жанында, 13 автобустың соңғы аялдамасы)	Жарнама құрылғысы
20.	Алматы	Қарауыл төбе тұрғын алабы (Мереке көшесі, 1/а, әкімдік ғимаратының маңы)	Жарнама құрылғысы
21.	Алматы	Қарқабат ана тұрғын алабы (Ж. Жабаев көшесі)	Жарнама құрылғысы
22.	Алматы	Моншақты тұрғын алабы (Бастау көшесі, орталық алан)	Жарнама құрылғысы
23.	Сарыарқа	Кенесары көшесі, 32 (Конгресс-холл)	Жарнама құрылғысы
24.	Сарыарқа	Бейбітшілік көшесі, 25 ("Өркен" бизнес орталығы)	Жарнама құрылғысы
25.	Сарыарқа	І. Есенберлин көшесі, 10 (К. Байсейітова атындағы Опера және балет театры)	Жарнама құрылғысы
26.	Сарыарқа	Республика даңғылы, 60 ("Технопарк" орталық кіреберісі)	Жарнама құрылғысы
27.	Сарыарқа	Қарасай батыр көшесі, 29 ("Арман" дүкені)	Жарнама құрылғысы

